

**«Түркістан» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ы сыйбайлас жемкорлық тауекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

2024 жылғы 20 маусым

Откізілген орны: Түркістан қаласы, «Жаңа қала» м/а.

Откізілген уақыты: 16-30 сағатта басталды

Катысқандар: «Түркістан» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі-Қоғам) ұжымы

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Акционерлік Қоғамы қызметкерлері арасында сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде жасалған анықтама жобасын талқылау.

Төрғалық етуші Қоғамның басқарушы директоры А.Исахов 2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс кимыл туралы «2015 жылы 18 наурыздағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыйбайлас жемкорлық тауекелдеріне ішкі талдау жүргізу дін үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылы 16 акпандағы №21 бүйрекіне сәйкес, «Түркістан» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-да сыйбайлас жемкорлық тауекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында, жұмысшы топ және іс-шара жоспары бекітілгенін, сыйбайлас жемкорлық тауекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес камтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылы 17 мамыр 27 маусым айлары аралығы етіп бекітілгенін хабарлады.

Камтыланған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер және ұсыныстармен таныстырылды.

Ақсақалдар алқа төрағасының орынбасары, қоғам кайраткері С.Тұрғанбаев жиналыс барысында Сыйбайлас жемқорлық тауекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылауға кала тұрғындарын ескертініздер ме деген сұрап туды? Оған риск-офицер Б.Корганбеков «Сыйбайлас жемқорлық ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күніне дейін кешіктірмей 10 күн бұрын Бак-та және әлеуметтік желіде жарияланғанын айтты».

«Түркістан қалалық ақсақалдар мен билер алқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қоғам белсендісі Қ.Рысбеков өз сезінде талдамалық

анықтамамен танысып шыкканын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемкорлыққа жол бермеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екенін ескертті айтты.

Осы мәселе бойынша сөзге қосылған ақсақалдар алқасының қатысуышылары анықталған сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерін ұсыныстарды тимді, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауга бағытталған, яғни дұрыс екендігін және жемкорлықпен күресудің бірден-бір шарты ол таза әрі адаптация екендігін ерекше атап өтті.

«Түркістан қалалық ақсақалдар мен билер алқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы К.Рысбеков топ мүшелеріне сұрап қойды: «Егер сіздер тексеру кезінде қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаныздар не істейсіздер? Оған көпшілік жауап берді: сыйбайлас жемқорлық фактісі болған жағдайда АҚ-ның тәуекел-офицеріне хабар беретінін және құзіретті мемлекеттік органдарына шағымданатынын айтты.

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестін маманы мекемеде жүргізіліп жаткан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жакты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттырлай деп тапты.

Төрағалық етуші сөз кезегін алғып, күн тәртібінде талқыланған мәселе өзекті екендігін атап өтіп, қатаң бақылауға алу қажеттігін айттып өтті. Заңнама талаптарын сактауды қатаң тапсырды.

Қоғам қызыметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналышы

ШЕШІМ ЕТТИ:

Сыйбайлыс жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою максатында жұмыстар атқарылсын.

Төраға

А. Исаев

Хатшы

Б. Корганбеков